

Мемлекеттік орман қорының және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облыстық мәслихатының 2010 жылғы 08 шілдедегі N 235 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 13 тамызда N 4255 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2013 жылғы 10 шілдедегі N 123 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 10.07.2013 N 123 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы кодексінің 506-бабына және 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 14-бабына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Мемлекеттік орман қорының және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының ставкаларын қосымшаға сәйкес **б е к і т і л с і н .**

2. "Мемлекеттік орман қорындағы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы учаскелерде орман пайдалану үшін төлем ставкаларын бекіту туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2010 жылғы 12 сәуірдегі N 226 шешімі **ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .**

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының	
XXIX сессиясының төрағасы	Ж. Кенжебеков
мәслихатының хатшысы	Қызылорда облыстық Н. Құдайбергенов

" К Е Л І С І Л Д І "

"Қызылорда облыстық орман және аңшылық шаруашылығы аумақтық инспекциясы"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Ш . Т ө р е б а е в

2010 жылғы 8 шілде

**Мемлекеттік орман қорының учаскелерінде орман пайдалану
 төлемақысының ставкалары**

N	Атауы	Өлшем бірлігі	Төлемақы ставкасы (теңге)
	1. Шөп шабу		
1	Шабындық	1 гектар	11,81
	2. Мал жаю		
1	Ірі қара (түйе)	1 бас	153,53
2	Мүйізді ірі қара, жылқы	1 бас	122,82
3	Майда мал (қой)	1 бас	30,71
4	Майда мал (ешкі)	1 бас	107,47
5	Ірі қара малының жас төлі	1 бас	61,41
	3. Ара ұясы мен омарталарды орналастыру		
1	Ара ұясын орналастыру	1 ара ұясы	16,87
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының ставкалары			
	4. Ғылыми-зерттеу және мәдени-сауықтыру мақсаттарында ұзақ мерзімге пайдаланғанда		
1	Ғылыми-зерттеу және Мәдени-сауықтыру мақсаттары үшін	1 гектар	8,44
	5. Ғылыми-зерттеу және мәдени-сауықтыру мақсатында қысқа мерзімге пайдаланғанда		
1	Ғылыми-зерттеу және Мәдени-сауықтыру мақсаттары үшін	бір адам-күн	Айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) 0,1 мөлшерінде
	6. Рекреациялық, туристік мақсаттар үшін ұзақ мерзімге пайдаланғанда		
1	Рекреациялық, туристік мақсаттар үшін	1 гектар	36,17

Ескертпе: төлем ставкалары кемінде 3 жылда бір рет қайта қаралады.